



**АТЫРАУ
UNIVERSITY**

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ, БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№2 (120)
Қараша, 2022 жыл

17 қараша – халықаралық студенттер күні




ҚҰРМЕТТІ СТУДЕНТТЕР!

Сіздерді 17 қараша - халықаралық студенттер күнімен құттықтаймын! Сіздер жастық шақтың ең қызықты белесі - студенттік өмірге қадам басып, қызыққа толы күндерді бастан өткеріп жатсыздар. Бұл күндердің сіздер үшін мәңгі ұмытылмас, сағынышқа толы кезең болып қалатынына еш күмәнім жоқ. Сіздерде қазір жастық, күш, талант, білім - барлығы бар. Тек соның бәрін ұштастырып, орнымен пайдалана білу керек. Ересек өмірге білікті маман ретіндегі қадамдарыңыз бүгіннен басталатынын ескеріп жүріңіздер! Сіздерден күтеріміз көп, сол күткен биіктерден көрінсеңіздер - сіздерге абырой, бізге мақтаныш!

Төл мерекелеріңіз құтты болсын!

Басқарма төрағасы-ректор С.ИДРИСОВ



ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУДА - «ПРОРЕКТОР САҒАТЫ»



ҰБТ-2023: НЕНІ БІЛУ КЕРЕК?

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаев ҰБТ-2022 нәтижелері, ҰБТ-2023 форматы туралы түсініктеме жүргізу мақсатында Атырау облысының мектеп оқушылармен және ата-аналармен кездесті. ҰБТ орталығының директоры 2023 жылғы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысты бірқатар өзгерістерді атап өтті. Сондай-ақ, ол мамандық таңдаудың маңыздылығын, грантқа оқуға түсу жолдарын түсіндіріп, өз тәжірибесінен көрген-білгендерімен бөлісті. Университетте 800-ге тарта оқушының басын қосқан жиын одан әрі Құлсары қаласында жалғасты.

Толығырақ осы нөмірдің 4-5 беттерінде.

Университеттің қоғамдық қабылдауында «Проректор сағаты» ұйымдастырылды. Онда қоғамдық қабылдау бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес, академиялық мәселелер жөніндегі проректор Асхат Шүкіров, ғылым және халықаралық қатынастар жөніндегі проректор Еламан Айболдинов және жастар саясаты және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Ләйлә Қойшығұлова түрлі сұрақпен келген университет қызметкерлерін, ата-аналар мен студенттерді қабылдады. Ата-аналар шетелден университетке баласын ауыстыруға, студенттер Қазақстан халқы қорынан шәкіртақы алу, қоғамдық жұмыстарды дамыту және басқа да бірқатар маңызды мәселелер бойынша келіп, өз сұрақтарына ұтымды жауап ала алды. Айтылған мәселелер тіркеу кітапшасына жазылып, алдағы уақытта шешім шығарылатындығы айтылды. Сонымен қатар, қабылдауда басқа елдің азаматтары да болып, университетте оқып жатқан балаларын гранттық жүйеге ауыстырудың заңдылығын сұрады. Оған грант иелену мәселесінің сессия нәтижесіне байланысты шешілетіні туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



РАХЫМЖАН ОТАРБАЕВ АУДИТОРИЯСЫ АШЫЛДЫ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде көрнекті жазушы, публицист, драматург, журналист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Рахымжан Отарбаев шығармашылығына арналған атаулы дәрісхана ашылды. Оқу сабақтарын өткізуге және біртуар тұлғаның өмір жолы мен шығармашылығының түрлі кезеңдерімен таныстыруға арналған дәрісхананың лентасын Басқарма төрағасы-ректор Саламат Идрисов пен Рахымжан Отарбаевтың қызы, журналистика мамандығының 4 курс студенті Айжамал Отарбаева қиды.



«Бүгін бұл жерге Рахымжан Отарбаевтың шығармашылығымен жақсы таныс, насихаттауға үлес қосып жүрген үлкен ағаларымыз, белгілі қаламгерлер келіп отыр, ол кісінің рухын сыйлап жиналған барша қонаққа алғыс айтамын. Рахымжан Отарбаев біздің университетіміздің профессоры болып, студенттермен кездесіп, дәріс оқып, тәлімін беріп кетті. Осылайша, оның ұстаздық, ғалымдық, профессорлық жаңа қыры ашылған еді. Ендігі жерде болашақ Рахымжандар, ақын, жазушы, журналистер бұл дәрісханада ағаның рухымен шабыттанып, терең ойлы, саналы азамат болып қалыптасады деп сенеді. Осы аудиториядан Рахымжан Отарбаевтың ісі шығып тұруы керек, бұл жерден таланттар шығып, оларды ел танып-білуі керек», - деген Саламат Нұрмұханұлы дәрісхананың дизайнын жасап, игі істің түгелдей басы-қасында жүрген жазушының отбасын, соның ішінде «Рахымжан Отарбаевтың руханият қорының» жұмысын жүргізіп отырған жары Сауленің, ұлы Ермерейдің үлкен еңбегін атап өтті.

Өз кезегінде тарих ғылымдарының докторы, профессор Асхат Сәлімұлы Иманғалиев «Келешекте оқу орнынан клуб ашылып, жастарға ой салатын, рухани азық алатын тәрбие ошағына айналса» деген тілегін білдірді.



-Тағдыр оны қаршадайынан қайратты болуға үйретті. Кейін келе бұл болмысы шындыққа тіке қарап, әділдікті жақтауға, әлсізді демеп, ұлтым деген ұрпақтың қалыптасуына сеп болды. Жазушының сөзінен де, ісінен де, өміршең шығармаларынан да осыны аңғаруға болады, - деді филология ғылымдарының докторы, профессор Қадір Жүсіп.

«Рахан әрбір кейіпкерімен бірге өліп-тірілді, ой елегінен өткізді, соның бәрі шығармашылық адамына оңай

болмағаны анық. Әсіресе, оның жан дүниесі маған «Жалғыздық» пьесасында жазылып тұрғандай көрінді. Ол кісінің шығармашылығы әлі де терең зерттеуді қажет етеді, сондықтан болашақта бұл тақырып назарға ілініп, рахымжанта-нушылар шығып жатса оң болар еді» деген Махамбет атындағы академиялық драма театрының көркемдік жетекшісі Мұқанғали Томанов көрерменді дәстүрлі Рахымжан Отарбаевтың биылғы театр фестивалында осы қойылымды

тамашалауға шақырды. Айта кетейік, Түркияның Анталья қаласында өткен XI халықаралық театр фестивалінде Махамбет Өтемісұлы атындағы Атырау облыстық академиялық қазақ драма театрынан Мұқанғали Томановтың режиссерлігімен қойылған жазушы, драматург Рахымжан Отарбаевтың «Жалғыздық» драмасы 24 өнер ұжымының арасынан топ жарып, «Үздік театр» атауын алған болатын.

Рахымжан Отарбаевтың туындылары жөнінде талай рет қалам тербеп, сүбелі еңбектер жазған «Сарайшық» журналының бас редакторы, филология ғылымдарының кандидаты Гүлзада Ниетқалиева қаламгердің шығармашылығын үлкен дарияға, үлкен әлемге теңей отырып, Көк түріктердің бір кездері әлемді ұстап тұрған қорғаушы рөлін, құдыретін көрсеткен «Бас» романының мазмұны мен мәні жөнінде толғады. «Рухымызды көтеріп, жалындап, от болып сөйлейтін ағамызды сағындық, енді сағынғанда осы жерге келіп тұрамыз» деп сенді түйіндеді ақын. Берері мол мағыналы шараны түйіндеген жазушының ұлы, жергілікті және мемлекеттік басқару магистрі Ермерей Рахымжанұлы университет басшылығына рахмет айта отырып, «Әкем сияқты «қазақтың қара сөзін қойдай өргізетін» жастар көбейеді деп сенем» деген жүрекжарды тілегін жеткізді.

17 ноября - Всемирный день философии

ЕУРООДАҚ ЕЛШІЛЕРІМЕН ӨТКЕН «AMBASSADORS SAFE»

Оқу орнына Еуропалық Одаққа мүше 13 мемлекет елшілерінің делегациясы кластерлік сапармен келіп, университет басшылығымен және студенттермен Ambassadors Safe форматында бейресми жағдайда кездесу өткізді. Ambassadors Safe – Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің елшілері бейресми жағдайда жастармен кездесетін ақпараттық алаңның бір түрі.



Мазмұнды жиын барысында делегация тарапынан әртүрлі ұсыныстар түсті. Өңірге Каспий теңізінің жақын екендігін, Сарайшық сынды тарихи орындардың бар екенін атап көрсеткен қонақтар осы жайларды ескере отырып, оқу орнында теңіз саласына, қоршаған ортаға байланысты орталық ашылса деген тілегін жеткізді. Бұдан бөлек, облыс аумағын көгалдандыру

мәселесі де қозғалды. Тағы бір оң ұсыныс – Алматы қаласындағы Қазақстан-Германия университеті арқылы келіссөз жүргізіп, инженерия саласының біздің оқу орнымызда ашылуына жұмыстану жөнінде болды. Бұл шетелдік студенттер мен біздің студенттеріміздің арасындағы ынтымақтастықты дамыту, білім алуына жағдай жасау бағытындағы үлкен мүмкіндік болатыны сөзсіз.

Бұдан бөлек, университетінде Францияның Қазақстандағы елшісі Дидье Канесс және экономикалық мәселелер жөніндегі атташе Венсан Берже мырзалармен кездесу өтті. Х.Досмұхамедов университеті Пуатье университетімен 2014 жылдан бастап тығыз байланыста. «Еразмус+» бағдарламасы бойынша Пуатье университетінде бірнеше студент 1 семестр бойы білім алса, оқытушылар тағылымдамадан өтті. Болашақта тағы да Францияның үш университетімен келісім-шартқа отыру, сонымен қатар, Франция университетінің филиалын ашу жоспары бар.

МИР, КАК ЕДИНОЕ ЦЕЛОЕ

Идея празднования Всемирного дня философии (World Philosophy Day) была официально утверждена Генеральной конференцией ЮНЕСКО в 2005 году и с тех пор ежегодно проводится в третий четверг ноября. Всемирный день философии отмечается более чем в 70 странах - членах ЮНЕСКО, во всем мире.

Цель праздника – найти общее, интеллектуальное поле для размышления над происходящими в обществе социокультурными проблемами, приобщить людей, в особенности молодежь, к мировому философскому наследию и напомнить о главных философских вопросах: как устроен человек, для чего он живёт, в чём смысл его жизни, что такое счастье, любовь, добро, зло, смерть, свобода, справедливость... В этот день, обычно проводятся открытые уроки, круглые столы, диспуты, научные конференции и т.п.

Философия означает любовь к мудрости. Философия зародилась тогда, когда человек обрел такое качество, как осознанное размышление. Что это значит? Это значит то, что человек начал задавать себе вопросы, зачем мы живём, куда идём и какими путями надо идти? Т.е. человек начал сознательно выделять в себе человеческую сущность, нарабатывать нравственность и рассудительность, т.е. философствовать. Но мало кто знает о том, что такое философия как наука. Это не просто рассуждение о смысле жизни, а философия есть источник всех известных на сегодняшний день наук и она гораздо шире всех других наук, так как предмет ее исследования гораздо шире предмета исследования любой другой области знания. Объектом изучения философов является весь мир как единое целое. «Философия – мать всех наук», считал Цицерон.

А что даёт современному человеку изучение философии? Изучение философии даёт человеку возможность самостоятельно мыслить и самостоятельно делать выводы, уметь правильно расставить необходимые акценты и приоритеты в повседневной жизни, учит осознанно делать шаги и уметь принимать смелые, правильные решения.

Все студенты изучают философию – это базовая дисциплина и обязательный курс любого университета. Университетское образование — это не просто набор профессиональных компетенций, которые помогут устроиться в жизни и построить успешную карьеру. Это ещё и формирование социально – активной личности с

широким, универсальным кругозором, высоким интеллектуальным уровнем, системного, логического и критического мышления, а также умения видеть взаимосвязи предметов и явлений. Всё это невозможно выработать без изучения философии в вузе.

Философию в университетах Казахстана как правило, преподают на младших курсах. Это помогает студентам с 1 курса познакомиться с идеями великих мыслителей, теоретическими основами науки, изучить основные философские категории, оперировать понятиями, выучить и научиться применять их, грамотно и логически аргументировать свои выводы и убеждения. Все эти умения будут нужны студенту для того, чтобы критически относиться к новому материалу по любому другому предмету, писать самостоятельные и дипломные работы по специализации и уверенно защищать их.

Философия – это не только знание, осознание, мышление, но и воспитание. В современном мире, в его многообразии информации и, к сожалению, дезинформации, философия необходима как никогда. Изучая эту науку, человек учится смотреть на вещи не с одной, а с разных сторон. Давая предмету или ситуации многогранную и объективную оценку.

Образование выступает в современном обществе как одна из главных ценностей, эталон времени – высокообразованная, конкурентоспособная личность. Только образованная нация в дальнейшем будет успешно решать задачи социума.

Актуальность философии для молодежи еще вызвана и тем, что молодежь – это самая мобильная, подвижная, энергичная часть нашего общества. Именно она уже через 10 лет превратится в основную часть социума – займет места от сферы производства до сферы управления, окончательно сформировавшись в своем взгляде на мир. Сложившееся мировоззрение и полученное знание молодежи сегодня, определяет будущее.

Роза ЕРТЕЛЕЕВА,
старший преподаватель
кафедры истории Казахстана
и всемирной истории

ҰСТАЗДЫ ҰЛЫҚТАУ - ҰРПАҚҚА ПАРЫЗ

Университет қабырғасынан білімге сұындып, өмірге жолдама алып жатқан мамандардың сапалы даярлануына үлес қосып жүрген ұстаз-ғалымның бірі – Серік Өтепқалиев. «Өткен күнде белгі көп» дегендей, Серік Өтепқалиұлы жарты ғасырға жуық уақытын мұғалім, оқытушы – педагог, ұстаз – ғалым мамандығына арнап, бүгінде мерейлі 70 жасқа толып отыр.

Серік Өтепқалиұлы 1952 жылдың қараша айының 29 жұлдызында Атырау облысының Құрманғазы ауданында дүниеге келіп, 1970 жылы орта мектепті бітірісімен сол кездегі өңіріміздегі жалғыз жоғары оқу орны Гурьев педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түсіп, білім ордасын 1974 жылы «математика мұғалімі» мамандығы бойынша үздік бітіріп шығады. Серік Өтепқалиұлының өмір жолына терең үңілсең, көптеген жақсы, жаның марқайатын жайларға көз жеткізесің. Ол институтта атаулы, жоғары шәкіртақы «Лениндік стипендия» иегері болған. Ол дегеніңіз, жай шәкіртақыдан 2,5 есе көп. Қазіргі білім алушыларға түсінікті болу үшін айтатын болсақ, ол қазіргі шәкіртақы мөлшерімен 145-150 мың теңге көлемінде. Ол алғашқы еңбек жолын Гурьев химия және табиғи тұздар ғылыми зерттеу институтында ғылыми қызметкерден бастап, кейін Атырау қаласының Д.Байбосынов атындағы №13 орта мектепте математика пәнінің мұғалімі болып, 1977 жылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне оқытушылық қызметке ауысып, қазір математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасында профессор лауазымында еңбек етіп жүр.

Қарап отырсақ, Серік Өтепқалиұлының сонау «Бірлік» ауылынан Атырауға білім іздеп аттанғанына да жарты ғасырдан асыпты. Осы уақыт ішінде қала мектептерінде, соның ішінде облыстық



дарынды балаларға арналған мектеп-гимназияда мұғалімдік қызметте жұмыс жасап, балаларға білім беріп, болашаққа бағыт-бағдар көрсетіп, «мектеп – жоғары оқу орны – өндіріс» қағидасын ұстанып, мұғалімдік жұмысқа да уақыт тауып жүрген жайы бар.

Серік Өтепқалиұлы тынымсыз ойланып, ізденіп, талаптанып, еңбек етуінің арқасында 1986-1989 жылдары Ленинград (Санкт-Петербург) қаласындағы А.Д.Герцен атындағы университеттің аспирантурасында оқып, 1998 жылы Ресей Білім Академиясы жанындағы арнайы диссертациялық кеңесте «Оқушыларды өздігімен тексті есептер шығаруға үйрету әдістемесі» тақырыбында ғылыми еңбегін қорғап, Жоғары аттестациялық комиссиясының шешімімен педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды.

Ал Серік Өтепқалиұлының ғылыми атағын тізбектейтін болсақ: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры; Ресей Жаратылыстану Академиясының

профессоры; Ресей Жаратылыстану академиясының құрметті докторы; Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Үздік тәлімгер-2020» байқауының I-дәрежелі «Үздік педагог-тәлімгер» номинациясының иегері; Ресей Жаратылыстану Академиясының «Ғылым және білім берудің еңбегі сіңген қызметкері» атағы берілген; «Білім-Өркениет» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының республикалық «Қазақстан Республикасының жылдың үздік маманы – 2022» байқауының жеңімпазы атанып, Қазақстан энциклопедиясына еніп, төсбелгі алып, дипломмен марапатталған; и Халықаралық ғылыми-педагогикалық қызметкерлер конкурсында «Тәуелсіз мемлекеттер Достығының Үздік педагогі – 2022» атағына ие болып, төсбелгі және диплом алып, еңбектері арнайы кітап жинағына (3 номер) енген.

Алдына мақсат қойып, талаптанып, «мен де болсам» деген арманға ұмтылатын Серік Өтепқалиұлы 1 монография, 2 оқулық, 5 көмекші-оқу құралының авторы және 110-нан астам ғылыми-әдістемелік мақалары отандық және шетел баспаларында жарық көрген ғалым.

Мерейтой иесі Атырау қаласының, университеттің тыныс тіршілігіне де белсене араласып келеді. Көптеген жылдар Атырау аймақтық сайлау комиссиясының мүшесі болып, өзіне тапсырылған жұмысты бұлжытпай өз деңгейінде орындады. Университетте 1993-1996 жылдары физика-математика, 1998-2000 жылдары сырттай оқыту факультетінің декан орынбасары, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы, физика-математика факультетінің деканы қызметтерін атқарды. Ол өзінің еңбек жолында мектеп оқушылары мен студент-

терге, магистранттарға сапалы білім берумен қатар, оларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулиды. Оның ғылыми жетекшілігімен орындалған көптеген ғылыми жобалар облыстық, республикалық, тіпті шетелдік байқауларда жүлделі орындарға ие болып жүр. Сонымен қатар, Серік Өтепқалиұлы мектеп оқушылары мен мұғалімдердің қалалық, облыстық ғылыми жобаларында, пәндік олимпиадаларда әділ қазылар алқасының төрағасы, мүшесі жұмыстарына жиі араласады. Оның ұзақ жылдар бойы атқарған жемісті де қажырлы еңбегі, ғылымдағы сара жолы бағаланып, түрлі деңгейдегі бірқатар марапаттарға ие болды, олардың қатарында «Қазақстанның үздік ұстазы» ордені, «Білім беру лидері» медалі, «Халық мұғалімі» медалі, Х.Досмұхамедов атындағы алтын медалі, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасы» және басқалары бар.

Осындай адамның жанымызда жүргені – біз үшін, университет үшін зор мақтанш. Серік Өтепқалиұлы бүгінде Гүлзада Жаншақызымен екеуі екі ұл және екі қыз тәрбиелеп, бәріне заман талабына сай мамандық иесі болуларына ықпал жасап, онға тарта немере-жиенің болшағының жарқын болуына тілектес ата мен әже. Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Серік Өтепқалиұлы мерей жасымен университет ұжымы атынан құттықтай отырып, еңбегінің жемісін ұзақ көру үшін, ғылым жолында орлай түсу үшін оған мықты да зор деңсаулық тілеп, бүгінгі жастар аға буынның мағыналы ғұмыры мен ғылымдағы қажырлы еңбек жолы туралы деректерді өнеге тұтса деген ақжарма тілегіміз бар.

Ошақтың үш бұтағы аман болсын!
Бекет КЕНЖЕҒҰЛОВ,
тех.ғыл.докторы, профессор

АБЫРОЙЛЫ АЗАМАТ

«Біз ұстаздарды қолдау саясатын жалғастыра береміз. Білім беру жүйесіне жігерлі де білікті мамандар қажет. Жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті. Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз. Жалпы еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күтірмес ауқымды міндеттер тұр. Бұл уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу», – деген болатын Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында.

Жолдаудан туындайтын өзекті мәселенің бірі – білім беру жүйесіне жігерлі де білікті мамандар қажеттілігі күн тәртібінде тұрғандығымен өзекті. Жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына үлес қосып жүрген сондай ұстаз-ғалымның бірі – Айдар Сабыров.

Ұстаз-ғалымның үшқыр қаламынан «Халық педагогикасы негізіндегі адамгершілік-имандылық тәрбиесі» (2002), «Білім мен тәрбие бастауы (педагогика, білім тарихы, этнопедагогика туралы ой-толғам)» (2002), «Білім. Тәрбие. Тарих.» (2014), «Ұлықты ұстаздан – ұстамды ұрпақ» (2020), «Әке арманы» (2022) атты еңбектер жарық көрді. Бұл еңбектерде еліміздегі білім мен тәрбие, халық педагогикасындағы қазақ халқының салт-дәстүрлері, қазақ зиялыларының көзқарастары, жас ұрпақ тәрбиесінің тәлімді жақтары мен олқы тұстары, адамгершілік-имандылық тәрбиесінің теориялық негізі, оның өзіндік ерекшеліктері, білім беру жүйесіндегі тәлім-тәрбие үдерісіндегі тарих қойнауында өзіндік орны бар тарихи тұлғалар тағылымындағы көкейкесті мәселелерді, өмірдегі және ұстаздық еңбектегі жеке тұлғалар келбеті, білім-беру жүйесінің бағыт-бағдары және тәлім-тәрбие берудің өзіндік іс-тәжірибесі хақында кеңінен айтылады. Негізінен алғанда Абай атамыздың «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген даналық нақыл сөзі Айдаққа сияқты «сегіз қырлы, бір сырлы» азаматтарға айтылғандай. Өйткені, Айдар Рамазанұлы білім, ғылым жолында университетте педагогика пәнінен дәріс оқып, жүздеген шәкірттерді баулып, білім қиясына ұшырған ұлағатты ұстаздардың бірегейі.

Оның республикалық, аймақтық, облыстық және аудандық бұқаралық ақпарат құралдары беттеріндегі ғылыми-педагогикалық, тарихи-танымдық мақалалары мектеп мұғалімдері үшін ғана емес жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылары үшін аса маңызды құрал. Оларды ұстаздар күнделікті сабақтарында да, сабақтан тыс ұйымдастырылатын тәрбие жұмыстарында да үнемі пайдалану арқылы шәкірттерінің білім көзжиегін кеңейте түсуде. Жоғары мектептің өзекті мәселелері туралы республикалық «Қазақстан мектебі», «Ұлт тағылымы», «Қазақстан жоғары мектебі», «Тәрбие құралы» т.б. журналдары «Қазақстан мектебі» газетіне үзбей мақалалар жариялап жүрген ізденпаз ғалым-ұстаз.

Міне, бүгінде ертемен Айдар Рамазанұлы асығыс басып университетке кетіп барады. Бұл оның отыз жылдан бергі дағдысы. Себебі, оны аудиторияда шәкірттері күтіп отыр. Қазір аудиторияға кіре салысымен дәрісін бастап кететін ұстаздарын күткен шәкірттерге күнде осылай асыға жетеді.

Сонау 1993 жылы өзі тәмәмдаған қара шаңыраққа жұмысқа келген еді. Институттың «Жалпы және халықтық



педагогика» кафедрасына жұмысқа қабылданды. Ол осы жылдар ішінде кафедрада жүргізілетін пәндерден дәріс оқып, семинар, практикалық сабақтарын жүргізіп келе жатыр. Айдар институтқа келген күнінен бастап барлық сабақтарында жаңа ғылыми, педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді кеңінен қолдана отырып, педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіріп отырды. Айдар Рамазанұлы өзінің күнделікті педагогикалық қызметінде әріптестері п.ғ.д., профессор Қ.Б.Сейталиев, Ф.Ә.Айдаралиев, п.ғ.д., профессор Ш.И.Жанұзақова, х.ғ.к., профессор Р.Қ.Қаражігітова т.б. іс-тәжірибесін зерттей отырып, студенттермен жеке жұмыс жүргізудің өзіндік техникасын жан-жақты меңгерген тәжірибелі ұстаз-оқытушы. Бұл шығармашылық жұмыс та жоғары оқу орындарындағы бүгінгі күннің талаптарының бірі.

Айдар Рамазанұлы жалған атаққа, даңғазға мадақтауды жаны сүймейтін, өзінің сүйікті кәсібі мен ісіне адал берілген, парасаты мен ішкі мәдениеті жоғары азамат. Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне, бойындағы барлық күш-қуатын білім мен ғылыми ізденістерге, білім берудің жаңашыл бағыттарын зерделеуге арнап келе жатқан ұлағатты ұстаз-педагог. Оның өзгелерден айырмашылығы кейбіреулер тәрізді жылы орын іздеп, атақ пен қызмет үшін ар-намысын саудалауды жаны сүймейтін кірпіяздығы мен «қыңырлығы» тағы бар. Онысы өзіне жарасып-ақ тұрады.

Университет басшылығы оны қызметке шақырған кезде орта мектепте белгілі мұғалім, терең де жан-жақты білімділігін, нағыз ұстаздарға тән мінез-құлқын, басқа да адамгершілік қасиеттерін ескеріп, болашақ ұстаздар осы ағаларынан үлгі алсын деген мақсат қойған-ау деген ойға жетелейтіндігі сөзсіз. Бұл мақсат ойдағыдай орындалды дегуге болады. Оның жарқын көрінісі Айдар Рамазанұлының ұзақ жылдар бойғы жоғары оқу орнындағы жемісті де қажырлы еңбегі Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі тарапынан жоғары бағаланып министрліктің Құрмет грамотасымен (2010), «Ы.Алтынсарин» (2013) төсбелгісімен марапатталуы. Университет қабырғасында белсене қызмет атқарып, болашақ ұстаздардың бірнеше буынының қанаттандырып, жетілдіріп, қатарға қосуы да ұстаз еңбегінің жемісі. Болашақ жас мамандар ауди-

торларияда оқылған терең де тартымды дәрістер, үлкен залдардағы әртүрлі деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жасалған ғылыми баяндамалар, диплом, курс жұмыстарын жазатын студенттерге берілетін ақыл-кеңестер, жоғары оқу орнына тән таусылмайтын іс-шаралар ортасынан әрдайым Айдар Рамазанұлын көру үйреншікті болып кеткендігі мәлім.

Айдардың қолынан қаламы түспейтін журналист екендігіне де еріксіз тәнті боласыз. Оның айғағы 2005 жылдан Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі. Оқу орны ұжымының сенімімен университет доценті атағына ие болған ұстаз екі жүзге жуық ғылыми мақалалардың, бірнеше іргелі еңбектердің авторы. Оның Ұлы Абай, Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынұлы, Х.Арғынбаев, Х.Табылдиев сияқты біртуар тұлғаларға арналған ізденістері көптің ықылысына ілікті.

Педагог-ұстаз, салиқалы азамат, көпшілік құрметіне бөленген Айдарға тән «кісілік» сөзіне назар аударсақ.

«Кісілік» – мағанасы терең, кең ауқымды ұғым. Оның мәнін қарапайым қазақ жанұясында туып-өскен, өз халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, әдебиетін, тарихын жақсы білетін адам ғана бірден түсenedі, мағынасын толық біледі деген ойдамыз. Айдар Рамазанұлына кісілік қасиеттерге тән адамгершілігі, парасаттылығы, шыншылдығы, білімділігі, әділдігі, бір сөзділігі, ұстамдылығы, үлкенге құрметі, кішіге ізеттілігі, адалдығы, кішіпейілдігі бір бойынан табылатындығына ерекше разы боласыз.

Біз білетін Айдардың тағы бір қыры қандай да бір пікір таласта өз ұстанымы бар, кең көзқарастың иесі, өзгелердің пікіріне, оның өз ұстанымына үйлесе бермесе де, ерекше зейін қойып қарайтындығы. Оның «қыңырлау» мінезінде басқа біреудің пікірін спорт кесу жоқ. Ал өз пікірі дұрыс емес екенін көзі жетіп, түссінсе, кешірім сұраудан бас тартпайтын мәрттігі де бір басына жетіп артылады. Айдардың бұл қасиетін бізде, ұжым мүшелері де жақсы біледі. Ол сонысымен-ақ ұжымға сыйлы.

Рамазан әкей барында Айдаққа әрқашанда арқаланып жасы кіші біздерді жыл басы Наурыз айында қарттарға көрісуге баратын бір топ жолдастарын міндетті түрде қысқы соғымның дәмінен қазақы дәстүрмен ауыз тигізгісіп, аса құрмет көрсетіп, ерекше сыйлап шақыруы ата-анасынан үйренген өнегелі де өзгеше әдеті болатын. Елге сыйлы Рамазан қарттың шаңырағына жиналып, көңіл-күйіміз көтеріңкі, бір шаттанып қалатынбыз.

Ел басқарған Рамазан ағамыз қай уақытта да артынан ерген біз сияқты жастарға ақыл-кеңесін аямайтын. Өзінің қатарындай көріп ағынан жарылатын ағамыз салиқалы отырыстың сәнін келтіретін.

Ата-баба аманатын бойына сіңірген Айдар бүгінде Рамазан қарттан өрбіген ұрпақтардың ақылшысы, әрі данағой. Ол адал жары, ұстаз Эленора, ұлы Айқанмен бірге әрдайым жақсылықтың жаршысы, тәуелсіз елінің жарқын болашағының тілекшісі. Біз ұлағатты ұстаз, ғалым Айдармен мақтанамыз.

Әбілсейіт МҰҚТАР,
т.ғ.д., профессор,
«Хан Ордалы Сарайшық»
музей қорығының басшысы

ҰБТ-2023
ЖАҢАШЫЛДЫҚТАРЫ

ЕМЕЛБАЕВ РУСЛАН ТОХТАРБЕКҰЛЫ
ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ДИРЕКТОРЫ

КОЛЛЕДЖ ТҮЛЕКТЕРІ

✓ **АҚЫЛЫ НЕГІЗДЕ ӨЗ МАМАНДЫҒЫҢЫЗ БОЙЫНША ОҚУДЫ ЖАЛҒАСТЫРУ**
Егер Сіз өз мамандығыңыз бойынша ақылы негізде жоо-ға қысқартылған оқыту мерзімдерін кездейтін білім беру бағдарламаларына түскіңіз келсе, ҰБТ тапсырмайсыз. Құжаттарыңызды жоо-ның қабылдау комиссиясына өткізесіз..

✓ **ӨЗ МАМАНДЫҒЫҢЫЗ БОЙЫНША ГРАНТҚА ТҮСУ ҮШІН**
ЖАЛПЫ КӘСІПТІК ЖӘНЕ АРНАЙЫ ПӘНДЕР БОЙЫНША ҰБТ

60 ТАПСЫРМА	120 МИНУТ
70 БАЛЛ	25 ШЕКТІ БАЛЛ
	5 ӘР ПӘН БОЙЫНША МИН.БАЛЛ

ҰБТ

5 ПӘН	120 ТАПСЫРМА
3 МІНДЕТТІ	
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ	20 ТАПСЫРМА
ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ	15 ТАПСЫРМА
МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ	15 ТАПСЫРМА
2 БЕЙІНДІК	35 ТАПСЫРМАДАН

ЖАЛПЫ УАҚЫТ – 240 МИНУТ **140 БАЛЛ**

ШЕКТІ БАЛЛ

60	70	75
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ БИОРЕСУРСТАР ВЕТЕРИНАРИЯ	ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ	ҚҰҚЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
65	50	
ҰЛТТЫҚ ЖОО	ҚАЛҒАН ЖОО-ЛАР	

! • ӘР ПӘН БОЙЫНША КЕМІНДЕ **5 БАЛЛ**
• ӘР ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ӨЗ ШЕКТІ БАЛЫН БЕЛГІЛЕЙ АЛАДЫ

2022 ЖЫЛЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ БЕЛГІЛЕГЕН ШЕКТІ БАЛДАР

<p>ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</p> <p>МЕХАНИКА - 75 ҚҰҚЫҚ - 80 ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС - 85 АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР - 90 ТУРИЗМ - 95 АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК - 100</p>	<p>Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</p> <p>КӨЛІК ҚЫЗМЕТТЕРІ - 65 БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҒЫЛЫМДАР - 65 СОЦИОЛОГИЯ - 80 СӘУЛЕТ - 80 МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ - 85 ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ РЕПОРТЕР ІСІ - 85</p>
<p>ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</p> <p>МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ БАСҚАРУ - 100 АУДИТ ЖӘНЕ САЛЫҚ САЛУ - 100 МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ РЕКЛАМА - 100 АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР - 100 ЭЛЕКТРОТЕХНИКА ЖӘНЕ АВТОМАТТАНДЫРУ - 100 ҚАРЖЫ, ЭКОНОМИКА, БАНК ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ІСІ - 100</p>	<p>СУУ СУЛЕЙМАН ДЕМІРЕЛЬ УНИВЕРСИТЕТІ</p> <p>МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА - 80 ХИМИЯ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ - 85 ФИЗИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ - 90 МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ - 90 ШЕТ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ - 95 АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР - 100</p>

МАТЕМАТИКА-ИНФОРМАТИКА

- ✓ **ИНФОРМАТИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ**
- ✓ **АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**
- ✓ **АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК**

ҰБТ-2022 (ГРАНТ)

	ОРТАША БАЛЛ	МИН. БАЛЛ	МАКС. БАЛЛ
ИНФОРМАТИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ	90	75	127
АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР	99	69	137
АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК	88	69	132

СҰРАҚТАР САНЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ	ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
15	20
сұрақ	сұрақ
5 сұрақтан 3 мәтін (200-350 сөз)	бір дұрыс жауапты 10 тапсырма, мәнмәтін негізінде 10 тапсырма

ДИСТРАКТОРЛАР (ЖАУАП НҰСҚАЛАРЫ) САНЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

✓ 5 → 4	✓ 8 → 6
A) B) C) D)	A) B) C) D) E) F)

ҰБТ-2023

ГРАНТҚА ТҮСУ ҮШІН 2 РЕТ
МАМЫР-МАУСЫМ (ШІЛДЕНІҢ БАСЫ)

АҚЫЛЫ НЕГІЗДЕ ТҮСУ ҮШІН 3 РЕТ
ҚАҢТАР, НАУРЫЗ, ТАМЫЗ

НЕ ӨЗГЕРІССІЗ ҚАЛДЫ?

- ШЕКТІ БАЛДАР ӨЗГЕРМЕЙДІ
- ЕРЕКШЕ БІЛІМ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАР ҮШІН ҚОСЫМША 40 МИНУТ БЕРІЛЕДІ
- ЭКРАНДА КАЛЬКУЛЯТОР, МЕНДЕЛЕЕВ ЖӘНЕ ТҰЗДАРДЫҒЫ ЕРІГІШТІК КЕСТЕСІ БОЛАДЫ
- ҰБТ-ДАН СОҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ТАЛДАУ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ
- ӘРБІР ТЕСТ НҮСҚАСЫ ТАҢБАНАДАЫ
- «1 КОМПЬЮТЕР – 2 КАМЕРА – 1 ТЕСТІЛЕНУШІ» ҚАҒИДАТЫ САҚТАЛАДЫ
- ТЕГІН ОНЛАЙН САБАҚТАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ
- ТЕГІН ОНЛАЙН ТЕСТІЛЕУ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ



ҰБТ-2022 ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

ҰБТ-ҒА 154 МЫҢ ТАЛАПКЕР ҚАТЫСТЫ
(ЕКІ МҮМКІНДІКТІ ЕСЕПТЕГЕНДЕ 276 МЫҢ РЕТ ТЕСТ ТАПСЫРЫЛДЫ)

- ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ – 76%-ҒА ЖУЫҚ
- ОРЫС ТІЛІНДЕ – 24%
- АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ – 0,1%
- ЕРЕКШЕ БІЛІМ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР – 811 АДАМ

- ШЕКТІ БАЛЛ ЖИНАҒАН – 103 203 АДАМ (67%)
- ШЕКТІ БАЛЛ ЖИНАМАҒАН – 50 780 АДАМ (33%)
- ОРТАША БАЛЛ – 66 БАЛЛ
- ЕҢ ЖОҒАРЫ БАЛЛ – 138 БАЛЛ

- ТЕСТКЕ КІРУ БАРЫСЫНДА ЕРЕЖЕ БҮЗҒАНДАР – 327 АДАМ
- ТЕСТІЛЕУ БАРЫСЫНДА ЕРЕЖЕ БҮЗҒАНДАР – 322 АДАМ
- ТЕСТІЛЕУДЕН KEЙІН НӘТИЖЕСІ ЖОЙЫЛҒАНДАР (БЕЙНЕ ЖАЗБАНЫ ҚАЙТА ҚАРАУ) – 15 АДАМ
- ӨЗГЕ ТҮЛҒАЛАР – 1 АДАМ

- АПЕЛЛЯЦИЯҒА 50 590 ӨТІНІШ БЕРІЛДІ
- ҚАНАФАТТАНДЫРЫЛҒАН ӨТІНІШТЕР САНЫ – 318, ОНЫҢ ІШІНДЕ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША – 245 ӨТІНІШ; ТЕХНИКАЛЫҚ СЕБЕПТЕР БОЙЫНША – 73 ӨТІНІШ

ҰБТ-2022 НӘТИЖЕЛЕРІ

БЕЙІНДІК ПӘНДЕР	МАКС. БАЛЛ	ОРТАША БАЛЛ
МАТЕМАТИКА - ФИЗИКА	138	68
БИОЛОГИЯ - ХИМИЯ	139	65
МАТЕМАТИКА - ГЕОГРАФИЯ	138	73
ШЕТ ТІЛІ - ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ	135	72
БИОЛОГИЯ - ГЕОГРАФИЯ	133	61
ҚАЗАҚ ТІЛІ - ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ	134	78
ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ - ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ	133	61
ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ - ГЕОГРАФИЯ	133	70
ГЕОГРАФИЯ - ШЕТ ТІЛІ	132	69
ОРЫС ТІЛІ - ОРЫС ӘДЕБИЕТІ	128	69
ХИМИЯ - ФИЗИКА	126	64
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН	35	22

СОҢҒЫ ЕКІ ЖЫЛДА ГРАНТҚА БЕРІЛЕТІН ӨТІНІШТЕР САНЫ

2021 ж.

88 мың адам шекті балл жинады



77 мың адам грант конкурсына қатысты

2022 ж.

103 мың адам шекті балл жинады



80 мыңға жуық адам грант конкурсына қатысты

БІЛІМ БЕРУ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША

22 МЫҢ	Педагогикалық ғылымдар
7,1 МЫҢ	Өнер және гуманитарлық ғылымдар
4,3 МЫҢ	Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат
5,2 МЫҢ	Бизнес, басқару және құқық
5 МЫҢ	Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика
11 МЫҢ	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
13,2 МЫҢ	Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
700	Ауыл шаруашылығы және биоресурстар
400	Ветеринария
5,3 МЫҢ	Денсаулық сақтау
4 МЫҢ	Қызмет көрсету

БІР ГРАНТТЫҚ ОРЫНҒА БОЛҒАН ЕҢ ҮЛКЕН БАЙҚАУ

01	ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ	129 адам
02	СТОМАТОЛОГИЯ	25 адам
03	МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ	19 адам
04	ЭЛЕКТРОТЕХНИКА ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКА	19 адам
05	ШЕТ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ	16 адам

TOP-10

ОРТАША БАЛЛ ↑

ОРТАША БАЛЛ ↓

Стоматология 134
Халықаралық қатынастар және дипломатия 125
Журналистика және репортер ісі 121
Дін және теология 120
Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау 120
Сан, дизайн 120
Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі 120
Құқық 120
Аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндіріс 119
Хореография 119

Материалдар өндірісі 56
Көлік құрылысы 56
Балық шаруашылығы 57
Тоқыма: киім, аяқ киім және былғарыдан бұйымдары 58
Магистральдық желілер және инфрақұрылым 58
Механика және металл өңдеу 60
Мал шаруашылығы 60
Агроинженерия 60
Су ресурстары және суды пайдалану 61
Азық-түлік өнімдерінің өндірісі 61

КВОТАЛАР ТІЗІМІ

- ✓ ЖЕТІМ БАЛАЛАР ЖӘНЕ АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАР ҮШІН КВОТА (1%)
- ✓ I, II ТОПТАҒЫ МҮГЕДЕКТЕР, БАЛА КЕЗІНЕН МҮГЕДЕКТЕР, МҮГЕДЕК БАЛАЛАР АРАСЫНАН ШЫҚҚАН АЗАМАТТАР ҮШІН КВОТА (1%)
- ✓ ЖЕҢІЛДІКТЕРІ МЕН КЕПІЛДІКТЕРІ БОЙЫНША ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ МЕН МҮГЕДЕКТЕРІНЕ ТЕҢЕСТІРІЛГЕН АДАМДАР ҮШІН КВОТА (0,5%)
- ✓ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТЫ БОЛЫП ТАБЫЛМАЙТЫН ҰЛТЫ ҚАЗАҚ АДАМДАРҒА КВОТА (4%)
- ✓ КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ТӨРТ ЖӘНЕ ОДАН КӨП БАЛА ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН ОТБАСЫЛАРДАҒЫ БАЛАЛАР ҮШІН КВОТА (5%)
- ✓ КЕМІНДЕ ҮШ ЖЫЛ ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫ МӨРТЕБЕСІ БАР ОТБАСЫЛАРДАҒЫ БАЛАЛАР ҮШІН КВОТА (1%)
- ✓ БАЛА КЕЗІНЕН МҮГЕДЕК БАЛАЛАРДЫ, I, II ТОПТАҒЫ МҮГЕДЕКТЕРДІ ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН ОТБАСЫЛАРДАҒЫ БАЛАЛАР ҮШІН КВОТА (1%)
- ✓ АУЫЛ КВОТАСЫ (35%)

СЕРПІН

ТҮРКІСТАН, ҚЫЗЫЛОРДА, ЖАМБЫЛ, АЛМАТЫ, ЖЕТІСУ ОБЛЫСТАРЫНЫҢ

ТҮЛЕКТЕРІ



СҚО, АҚМОЛА, ШҚО, АБАЙ, ПАВЛОДАР, ҚАРАҒАНДЫ, ҰЛЫТАУ, ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТАРЫНДА

ОҚИ АЛАДЫ

АТЫРАУ-МАҢҒЫСТАУ МАҚСАТТЫ ГРАНТЫ

БҮЛ ГРАНТ КОНКУРСЫНА МАҢҒЫСТАУ НЕМЕСЕ АТЫРАУ ОБЛЫСТАРЫНЫҢ ТҮЛЕКТЕРІ (ОНЫҢ ІШІНДЕ БЫЛТЫРҒЫ ТҮЛЕКТЕР) ҚАТЫСА АЛАДЫ

“АТЫРАУ-МАҢҒЫСТАУ” МАҚСАТТЫ ГРАНТ КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУ ҮШІН ҮМІТКЕР ӨТІНІШ БЕРГЕН КЕЗДЕ МЫНАЛАРДЫ КӨРСЕТЕДІ

- ТӨРТ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТОБЫ;
- “АТЫРАУ-МАҢҒЫСТАУ” МАҚСАТТЫ ГРАНТЫ ШЕҢБЕРІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫС ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН ӘРБІР БББТ ҮШІН ТӨРТ ТҮРЛІ ӨҢІР. БҮЛ РЕТТЕ АЙМАҚ ҚАЙТАЛАНБАЙДЫ.
- ҮМІТКЕРГЕ ӨЗІ ТАҢДАҒАН БББТ-НЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫС ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН ОСЫ АЙМАҚТАҒЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ТОЛЫҚ ТІЗІМІ ҰСЫНЫЛАДЫ.
- ҰСЫНЫЛҒАН ТІЗБЕДЕ ҮМІТКЕР ӨЗІ ОҚЫҒЫСЫ КЕЛЕТІН БАСЫМ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ТІЗІМІН КӨРСЕТЕДІ. БҮЛ РЕТТЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ САНЫ ШЕКТЕЛМЕЙДІ.



ЖУРНАЛИСТ И ЗАКОН

В карьере каждого журналиста наступает тот момент, когда надо посетить мероприятие в другом городе. К нашему большому везению, для нас такой момент наступил, будучи студентами. За предоставленную возможность хотелось поблагодарить нашего куратора, заведующую кафедры журналистики Мукашеву М.Т. и организаторов семинара - Международный фонд защиты свобода «Адил соз».



Нашими спикерами были Сергей Злотников - руководитель юридической службы Международного фонда защиты свободы слова «Адил соз», координатор проектов Мадина Алимханова, а также главный эксперт Аженова Галия Хакимовна. На семинаре присутствовали журналисты из Уральской, Кызылординской, Петропавловской и Атырауской областей, будущие журналисты-студенты Казахской Национальной академии искусств им. Т.Жургенова, КазНУ им. аль-Фараби, АУ им. Х.Досмухамедова.

В ходе семинара рассматривались такие моменты как:
- «Права и обязанности журналистов». Из этого пункта мы извлекли, что журналист - это работник, работающий в СМИ по договору и состоящий в штате СМИ.

- «Право журналиста на получение информации». Самое главное - журналист не имеет право распространять заведомо ложную информацию в своих публикациях.

- «Виды информации: общедоступная, ограниченная, секретная»

- «Что такое персональные данные и как безопасно ими пользоваться?» Доказательства в виде аудио, видео или фото без согласия на публикацию интервьюируемого не будут рассматриваться в суде.

- «Достоверная информация и не достоверная информация. Что можно снимать, а что нельзя». Журналист не имеет права распространять личные фотографии человека без его согласия. Также он не имеет права опубликовать историю болезни без разрешения пациента.

- «Судебные иски о защите чести, достоинства и деловой репутации». В случае, если работник СМИ проигрывает суд и с него хотят взыскать сумму, которую он не в состоянии выплатить, он имеет право представить справку о доходах, так как это может помочь избежать взыскания.

- «Чем клевета отличается от оскорбления и оскорбление от унижения чести и достоинства?»

- «Компенсации морального вреда и деловой репутации». Журналист может подать встречный иск за клевету и оскорбления, если он уверен в своей правоте.

- «Уголовный, гражданский и административный суд их различия»

- «Стратегия и тактика в судебном процессе. Сбор доказательств». Здесь мы уяснили, что доказательства не имеют срока давности для суда.

- «Нужно ли отвечать на досудебную претензию?»

С нами пока не происходило никаких ситуаций, связанных с законом, но внутренних вопросов и страхов по этому поводу все равно было немало. Журналистика - не самая спокойная профессия, в ней много тонкостей и на этом семинаре мы в этом убедились. Мы проанализировали законы, узнали ответы на волнующие нас вопросы. Опытные юристы-тренеры нам рассказали, как должен вести себя сотрудник СМИ, чтобы на него не подали в суд.

После семинара мы стали более тщательно хранить данные: записи диктофона, видеофайлы и другие материалы, которые использовались для написания наших статей. Все сложные параграфы законов нам объяснили на простом и доступном языке, с примерами похожих ситуаций. Для лучшего усвоения проводились групповые игры, а это, конечно же, способствовало приятной атмосфере и сближению коллектива.

Все было очень интересно. Мы многое почерпнули для себя, получили массу новых эмоций и знаний.

Мы тщательно анализируем все заметки с мероприятия и полученную информацию будем использовать в своей работе по мере необходимости.

Алёна СОЛОДОВНИКОВА,
Георгий ШАПОШНИКОВ,
студенты 3 курса
кафедры журналистики

КАЗАХСТАН МОЕЙ МЕЧТЫ

В этом году независимости Казахстана - тридцать один год. За это время наша страна проделала огромный путь и добилась многого - от отказа производства и полной утилизации ядерного оружия, до поставок нашей продукции более 100 странам. Казахстан выбрался из трудностей, которые образовались после распада СССР - это большая заслуга нашего правительства, но также стоит понимать, что без граждан, живущих здесь, всего этого могло и не произойти.

Мы, с гордостью можем ответить на вопрос «Чего добилась ваша страна?» иностранцу или человеку за границей. Рассказать обо всех достоинствах Казахстана. Но, если задать нам вопрос «А, каким ты видишь Казахстан в будущем, что ты можешь предложить для дальнейшего роста страны?» многие из нас часто начинают задумываться.

Я, живу здесь с самого рождения, почти 21 год и, также размышлял, чего не хватает моей необъятной Родине? Хочу начать с себя, так как я и всё молодое поколение - будущее страны. Мы должны помогать развиваться нашему государству, а это в первую очередь - не уезжать жить в другие страны. Бесспорно, существует государства с более развитой экономикой, они так и манят неокрепшие умы. Но я считаю, что, если не покидать страну, а оставаться тут и помогать нашей родине, как минимум, устройством на работу. Ведь каждый работник вносит вклад в развитии государства. Это поможет поднять нашу экономику, которую хотят видеть уезжающие.

К тому же, Казахстан я вижу курортной страной. У нас прекрасная природа, чего стоят горы Алматы или море в Актау. Но почему-то, большой поток приезжающих в города Казахстана - это жители другого его же региона. Я считаю, что нужно улучшать и развивать инфраструктуру в этой отрасли. Заняться большой рекламой, чтобы заинтересовать туристов. Все курортные страны имеют большие доходы с них. А чем мы хуже? Да ничем! Нужно вложиться в Казахстан, как в страну, в которой можно хорошо отдохнуть. А уже прибыль, которая пойдёт с приезжих вкладывать в развитие регионов. Реконструировать и строить но-

вые школы, университеты, больницы, детские сады и т.д. Это поможет растить новых специалистов, в которых нуждается наша Республика. Отсюда и пойдёт ещё больший рост экономики. После этого можно будет перенести заводы подальше от городского населения, так как в данный момент это невозможно.

Идея заключается в том, что финансирование с туризма покроет убытки при приостановке и переноса предприятий. Что поможет решить многие экологические проблемы. Города будут застраиваться и не очень желательно, чтобы посередине них стояли промышленные цеха.



Если взять Атырау, где я проживаю, то ему можно вернуть статус рыбного города. Для этого необходимо начать очистку реки Урал. Весь мусор, который там скопился, убивает бедную рыбу. Всё, что сейчас вылавливали здесь несколько десятилетий назад. Попытаться поднять Урал до его наилучшего состояния.

Можно только представить, какой наплыв приезжих будет здесь. Многие захотят прокатиться на паромах, кто-то приедет, чтобы просто половить рыбу.

Если начинать работать над туризмом, то наша страна станет ещё более прекрасной. Никогда нельзя ограничиваться теми ресурсами, которые держат стабильность в экономическом плане наше государство. Ведь можно развиваться и в других сферах. Чем больше этих сфер будет, тем лучше для проживающих в ней граждан и самого Казахстана.

Георгий ШАПОШНИКОВ,
студент 3 курса
кафедры журналистики

Осенние этюды



Фотографии Георгия ШАПОШНИКОВА, студента 3 курса кафедры журналистики

СОЛ ТЕРЕКТІҢ САЯСЫНДА АЛМА АҒАШТАН БАҚ САЛУ...

Бізде қонақта - университет жанындағы «USTAZ» ер балалар мектебінің дарынды оқушылары. Талапты өрендерге таудай табыс тілейміз!



Жігер Өмірзақ, 10 сынып оқушысы: Мен «Ұстаз» мектебі жайлы осы жерде білім алып жатқан достарым мен таныстарымнан естідім. Бұл мектептің мүмкіндіктерін, оқушыларға жақсы жағдай жасақталғанын көріп, осында білім алғым келетінін түсіндім. Әкем мен анам мұғалімдер болғандықтан да, ата-анамның жолын күйіп ұстаз болып, физика-математика бағыты бойынша ұрпаққа тәлім бергім келді. Мен үшін ұстаздық қызмет – өте құрметті де қызықты мамандық.

Осында келгеніме аз уақыт болса да, бірнеше байқауларға қатысып үлгердім. Соның ішінде, «Ақберен» сайысына «шешендік өнер» бойынша қатысып, өнер көрсеттім және қазіргі таңда «Аласапыран» кітап оқу жарысына қатысудамын. Болашақта үлкен жетістіктерге жетіп, «Ұстаз» мектебінің жоғарғы мектептердің қатарынан болғанын қалаймын. Сол себептен, қазірден бастап оқу орнымыздың дамуына кішкене болса да өз үлесімді тигізіп жатырмын және алда болашақ ұлт зиялыларын құрамын деген үлкен арманым бар.

ПЕНДЕМІЗ ҒОЙ...

Пендеміз ғой артық айтып кетеміз, Артық сөйлеп, құр мақтанып нетеміз?! Жалғанды бір жалпағынан басқандай, Біреуді артық, біреуді кем көреміз.

Адам болып келгеннен соң өмірге, Жазса екен жақсы өмір сүруге, Ешкімді де алаламай, кемсітпей, Тең құрбыдай ойнап-күліп жүруге.

Пендеміз ғой асылық еш айтпалық, Ойымызды жат нәрсеге сатпалық, Мен де, сен де қақылымыз жүруге, Бір-бірімізді жаман көзбен атпалық.



Бақберген Мұхамбетқали, 10 сынып оқушысы: Мен осы жылы «Ұстаз» мектебіне 10 сыныпқа қабылдандым. Мен де бұл білім ордасын өзімнің ауылымдағы достарымнан естіп, емтихан тапсырамын деп шештім. Бұл таңдауыма бір жағынан анам себепші болды. Анам өзі де мұғалім болғандықтан, маған көп бағыт-бағдарымен, ақыл-кеңес берді. Бұл жерде білім алып жатқанымға өкінбеймін, керісінше мақтан тұтамын. Өйткені, ұстаз – ұстанымды ұстанған ұстаздарды ұшырған ұлт ұясы.

Өзім физика-математика бағытын таңдасам да бойымда шығармашылыққа, ақындыққа деген үлкен махаббат бар. Содан шығар, облыстық Махамбет оқуларында, «Жарқыра жас дарын» және «Мың бала» байқауларына қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Ендігі алға қойған ең бірінші мақсаттарымның бірі – ұлттық біріңғай тестілеуден жақсы балл жинап, өзімнің қалаған оқу орныма түсіп, болашақта ұстаздық үлесімді қосу. Соның ішінде, өзіміз білім

алып жатқан «Ұстаз» мектебіне мұғалім болып келуді армандаймын. Ұстаз бола жүріп мектебіміздің атын республикалық деңгейге жеткізіп, әлем таңданатын танымал мектептердің бірі болса екен деймін. Өйткені, елімізді ер мұғалімдердің саны аз. Ал «Ұстаз» мектебі осы жағдайды қалпына келтіруге бірден бір себепші деп айта аламын.

АБАЙҒА АРНАУ

Жырымен тамсандырған Алашымды, Жинаған бір бойына бар асылды, Өлеңімен толғаған өз сырларын, Абай атам кең пейілді, дана сынды. Боласыз сіз мәңгілік дара тұлға, Сізді оқысам, биіктер қанатымда, О, Құдайым бола ма екен бір адамды, Осыншама талантты қып жаратуға. Айналым, биіктегі қанатыңыздан, Жан ба едіңіз халқы үшін жаратылған, Абай атам, мәңгілікке есіміңізді, Өшірмеймін мен мәңгі санатымнан. Тұғырымда өзіңізді биік етем, Әр сөзіңізді жадымда түйіп өтем, Кеудемдегі жүрегім тоқтағанша, Сіздің әрбір жырыңызды сүйіп өтем!

МАХАМБЕТКЕ АРНАУ

Елдікке жеттім тәуелсізбін деп жар салам, Өр тұлғамменен еріксіз әр кез мақтанам, Қазағымның тәуелсіз ел болуы, Махамбеттің дүниеге келгені, Бір қолымен ел бірлігін тербеді, Сан ғасырда бір туатын батырдың, Алға қойған армандары көп еді. Сол жылдары теңсіздіктің туы тұрды желбіреп, Бай кедейді құлша жұмсап күндіз-түні тебелеп, Тулаған өзен, ағысы қатты теңдессіз жер Жайықтың, Ар жағында сары шаян уын шашып себетелет. Өрен ердің мақсаты бір елді жаудан құтқару, Боданына бұғауланбай өзге елден жат қалу, Тамыры терең, тұғыры биік бәйтеректі орнатып, Сол теректің саясында алма ағаштан бақ салу, Қос батырдың ел үшін қанат қаққаны, Атқа қонып жер үшін жауға шапқаны, Жас ұрпақтың бейбіт өмір сүруі. Махамбеттің жерге аққан ақ қаны.

Дайындаған
Бақтылы БЕРЕНИЗОВА

МЕНИҢ АРМАНЫМДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН



**Қызыл бұлттай көрсең қырдың гүлдерін,
Көрсең ашық Алатаудың күндерін.
Жерінде гүл, көгінде күн бір жүзген,
Ұлан-байтақ Республикам бұл менің.
Сырбай Мәуленов**

деген жол «Ешқашан» деген елге апарды. Қош! Біреудің өмірінің «сорпасын» сапырғанша, өз тағдырыңның «кеспесін» кес демекші өзіме оралайын. Аталған сұраққа қалай жауап берер едім? Менің арманымдағы Қазақстан қандай? Осы сауалға тоқталайық. Алдымен айтылар ойдың «әлқиссасына» оралайын. Мен қазіргі таңда Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студентімін. Студент ретінде менің арманымдағы Қазақстан – Орталық Азиядағы ең үздік білім ордасына ие мемлекет және Орта Азия студенттер Одағының орталығы. Неге дейсіз ғой? Терең ойдың тұңғығына тартар түйінді тарқатайын. Биылғы жаңа оқу жылы қарсаңында 1 қыркүйек күні Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам.» атты Қазақстан халқына жолдауында «Жаһандық ғылыми-техникалық даму барысын ескерсек, жоғары сыныптарда жаратылыстану-математика пәндерін және ағылшын тілін оқытуды барынша күшейту маңызды,» – деп шегелеп айтқан сөздері айтылар ойыма тұздық болар. Бұнымен не айтқым келді? Иә, біз бірден Кембридж яки Гарвард бола алмаймыз, бірақ» аталған оқу орындары да бірден атағы жер жарып, айды аспаннан бір-ақ шығарған жоқ қой. Қаншама жылғы еңбегін сарп етіп, қаншама терін төкті. Бұл жетістікке біздің еліміз де жететініне өз басым сенемін. Себебі» бізде мақсат бар. Мүмкіндік те жасалып отыр. Ендеше, не тұрыс? Әрекетке қай кезде де берекет емес пе?! Төрткүл дүние назары төрт бұрышты тақтаға ауған заманда төрт құбыласы тең елімізде техника тілін шемішкеше шағатын жастарымыздың санын нәм сапасын арттыру жаңа Қазақстанның өзекті тақырыбына айналды. Сонымен қатар, технология сөйлеген заманда ағылшын тілін меңгерудің пайдасы ұшан теңіз. Неге десеңіз, барлық программалау тілдері ағылшынша екенін бірі білсе, бірі білмейтіні өтірік емес. Бұл тұрғыда «Өзге тілдің бәрін біл, өз



тілінді құрметте» деп Қадыр Мырза Әлі атамыз айтқан аталы сөз айтылар ойымды соқырға таяқ ұстатып, саңырауға сыбыр бітірердей айқындай түспек. Ендігі кезекте жаратылыстану-математика бағытына тоқтала кетейін. Мемлекеттің құраушы күші – адам, оның ішінде жас буын өкілдері, яғни жастар ел ертеңі. Ертеңіміз білімсіз нәм мәдениетсіз болса, болашағымыз бұлыңғыр болмақ. Осы орайда Франция мемлекетінің бұрынғы Президенті Шарль де Голль былай демеп пе еді: «Егер менің Қорғаныс министрім нашар болса, бір шайқастан жеңілермін. Егер менің Ауылшаруашылығы министрім нашар болса, бір жыл егінсіз қалармын. Егер Мәдениет министрім нашар болса, елу жылға кейін шегінемін».

Иә, арманымыздағы Қазақстанды құруда мәдениет пен білім жолында бұлақ көзіміздің ашылып, сана шекарамыздың шарықтауы да, шырағымыздың үміт керуеніне еріп, мәңгі жануы яки күмән мен тұман қаптаған шегініс шеңберіне түсіп өшуі де өз қолымызда. Сондықтан да білім жолында бар күшімізді аямай, жалқау желке мен ұйқышылы шынтақтың шырмауынан шықпақ керек. Міне, бұл арманымыздағы Қазақстанға жетудегі алғашқы баспалдағымыз. Әр баспалдақты басқан сайын түрлі қиындыққа тап

келерміз, бір күні құлармыз, бірақ қайта тұруымызға кім кедергі? Тіпті әлемді аузына қаратқан Томас Эдисон электр шамын ойлап табарда 10 000 рет қателесті емес пе?! Түптің түбіне келгенде «адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген Абай атамның сөзінен асып қайда барамыз.

Енді барлығын біріктірсек. Менің арманымдағы Қазақстан – білімі мен мәдениетін жетілдіру жолында тар жол тайғақ кеше де, мың өліп, мың тіріліп, ащы терінің тәтті жеңісін көріп, Орталық Азия мемлекеттерінің озығы нәм орталығы атанған ел. Міне, түрлі мысал, факт келтіре отыра менің арманымдағы Қазақстанды осылай сипаттағым келеді.

«Жас дәурен – жігер оты жанған жалын, Көрмесем қызығыңды армандамын. Өмірге екі келер уақытым жоқ, Сондықтан үлесімді мол қармадым», – деп Қасым ақын жырлаған ойлы жас келсе іске деп сабақтаймын. Бұл – біздің уақыт!

Ерқанат ЖҰМАБАЕВ,
физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің 4 курс студенті

ЖАТАҚХАНА ДҮКЕНІНЕН ЖЫЛЫЖАЙҒА ДЕЙІН

Университетте "Startup2021" университетшілік жастар бизнес-жобалар конкурсының есеп беру шарасы өтті. Жаңалыққа жаны құштар жастардың қиялын ұштап, талабын қанаттандыруға серпін беретін жоба жас кәсіпкерлердің бизнес бастамаларын қолдау мен өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Былтыр конкурста 19 кәсіпкер қатысып 5 жоба жеңіске жеткен.



Атап айтқанда, олар:

*физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің студенттері Ақәділ Жақия, Ақәділ Сайфонов, Дәурен Гапаров «Гидропоникалық автоматтандырылған жылыжай» жобасымен 500 000 теңге;

*экономика және құқық факультетінің студенті Иманғали Сабирден «Интернет маркетингті оқыту» жобасымен 500 000 теңге;

*экономика және құқық факультетінің 2022 жылғы түлегі Дәулеткерей Қайсағалиев «D' ZAT Атырау символикасы бейнеленген киім» жобасымен 300 000 теңге;

*гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің студенті Назерке Мұхамбетжан «Музыкалық аспаптар дүкені және оқыту» жобасымен 300 000 теңге;

*экономика және құқық факультетінің студенттері Рамазан Саинов, Назым Жолдасбай «Vari Bag» дүкен жобасымен 200 000 теңге ұтып алды.

– Бұл жобалардың барлығы да көпшіліктің қазіргі сұранысына сай келуімен, тың әрі қолайлы болуымен ерекшеленді. Әрқайсысына тоқтала кетсек, мәселен, еліміздің символикалық

белгілері бейнеленген киімдер ыңғайлы әрі стилді ғана емес, Қазақстанның тарихы жайлы мәліметтер беріп, тілімізді, ұлттық құндылықтарымызды насихаттайды. Гидропоникалық жылыжай жобасы онда әртүрлі дақылдарды өсіріп, кейін оны сатылымға шығаруды мақсат етеді. Сол сияқты, музыкалық аспаптар дүкені оларды сатып қана қоймай, талантты жастарды, мүмкіндігі шектеулі балаларды өнерге баулуға, өнерлі орта қалыптастыруға арналған. Ал интернет маркетинг жобасы – қазіргі заманда сұраныс аса жоғары болып тұрған SMM, таргетинг, маркетинг салалары бойынша оқытып, нарыққа мамандар шығаруды көздейді, айта кетейік, бұл курстарға қатысатын адамдардың жас ерекшелігіне ешқандай шектеу қойылмаған. Жатақхана жанынан ашылатын шағынмаркет студенттердің керек-жарақпен қамтамасыз етуді көздейді, себебі, онда жатып оқитын студенттер кешкі мезгілде ішкі ереже бойынша сыртқа шығып кете алмайды. Осындай кезде олар қалаған затын осы дүкеннен сатып алады», – деп түсіндіреді «ISpace» бизнес-инкубаторы және Эко-кампусы дамыту бөлімінің маманы Жанерке Мұстахим.

САТЫП АЛЫҢЫЗ ДА, ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАҢЫЗ!

Экономика және құқық факультетінің “экономика және мемлекеттік басқару” мамандығының 4 курс студенті, “Startup-2021” университетшілік жастар бизнес-жобалар конкурсының жеңімпаздарының бірі – Назым Жолдасбай “Startup2021” конкурсының жобасы аясында университет қабырғасында студенттерге қолжетімді бағада тағам өнімдерін сату арқылы қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырды. Жәрмеңкеден түскен табыстың 15%-ы қайырымдылыққа аударылды. Адам өміріндегі ең игі істердің бірі – мұқтаж жандарға қайырымдылық жасау. Қайырымды іс жасауға, жақсылық жасауға асығайық!



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Қ.Қуатова – Редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
А. Ғинаятұлы – фотограф
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
А.Өтемісқызы

Редакция:

Б.Берениязова
Қ.Әбдібек
Н.Самғат

Электрондық пошта – media@asu.edu.kz

АРҚАМА КӨК ТУЫМЫЗДЫ ЖАПҚАНДА ЧЕМПИОН БОЛҒАНЫМДЫ СЕЗІНДІМ

Жақында Испания елінің Понтеведра қаласында өткен UWW грэпплинг күресінен әлем чемпионатында топ жарған Қаршыға Абдрахим Қазақстанымыздың көк байрағын бір сатыға жоғары қойып, әлем чемпионы атанды. Жас жеңімпазға қояра сауалымыз көп болды.



– Жалпы, бұл қандай чемпионат болды? Тұғырға көтерілгенде қандай сезімде болдыңыз?

– 2022 жылдың 12–15 қазан аралығында Испания елі Понтеведра қаласында өткен жастар арасында UWW Грэпплинг күресінен әлем чемпионатында «po gi» және «gi» яғни кимономен және кимоносыз түрінен 58 кг салмақта екі дүркін алтын медаль алып, чемпион атандым. Армения, Испания, Қырғызстандық спортшылармен 4 кездесу өткіздім. Өзімнің алтын жүлдеге ие болғанымға сенер-сенбесімді білмей, қуаныштан жүрегім жарылардай болды. Осындай жетістікке жетуіме жанашыр жандардың қолдауы маған күш берді деп ойлаймын. Чемпион болғанымды көк Туымызды арқама жауып алып, күрес алаңында жүргенде және марапаттау кезінде ғана толықтай сезіндім.

– Спорттың осы түріне қалай келдіңіз? Бапкеріңіз кім? Жарыста өнер көрсету қиын болған жоқ па?

– Ең алғаш 12 жасымда күреске нағашым апарған еді, балалықпен күресті жарты жылдан кейін тастап кеттім. Осыдан үш жарым жыл бұрын досымның әлем чемпионатынан екінші орын алып келгенін көріп, мен де қайтадан қатысуға бел будым. Содан соң Қызылбалық спорт кешенінде қайтадан жаттығуды бастап кеттім. «Мерген» жаттығу залына бардым, ең алғашқы жаттықтырушымы Әнуарбек Батаев болды. Осы жылдың басында Асқар Исағалиевпен танысып, сол кісінің залында дайындалып, екі жерге қатар барып жүрдім. Осы чемпионатқа барар алдында Астана, Алматы, Шымкент және Ақтау қалаларындағы жаттықтырушылармен тәжірибе алмастық. Жетістікке жетуіме себепші болған жаттықтырушыларым – Әнуарбек және Асқар ағайларым алғысым шексіз. Әр жарыстың өз қиыншылығы бо-

лады. Алғаш рет осындай үлкен аренада өнер көрсетіп тұрғандықтан қобалжығаным рас. Осы кездесулердің арасында қырғызстандық спортшымен көп кездестім, тактика мен күресу қимылдарымды біліп алғандықтан аздап қиындық туғызды.

– Осындай қара күш пен қайратты қалай иеленуге болады? Мүмкін, бұл текпен келетін болар?

– Біздің қазақ халқының қанында қайсарлық бар деп есептеймін. Арғы тегіме келсек, әкемнің нағашы аталары – күреспен айналысқан палуан болған кісілер. Әкем Еркетай да жас кезінде күреспен жаттыққан екен. Әкемнің ізін жалғап, маған да күрестің бір түрі – грэпплингпен айналысу бұйырды.

– Атырау жұртының, оның ішінде өзіңіз білім алып жатырған қара шаңырақтың мақтанышына айналдыңыз, университет тарапынан көрсетілген қолдаулар бар ма?

– Елімізге оралған сәттен бастап әуежайдан күтіп алып, бар құрметін көрсеткен Атырау қаласының тұрғындарына, жақындарыма, достарыма осы сәтті пайдаланып алғыс айтқым келеді. Атырау қалалық әкімі Мейірім Қалауи мырзада өз ілтипаттары мен қатар сый-құрметтерін көрсетіп алғыс хатпен марапаттады. Сонымен қатар, білімнің қара шаңырағы – Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ректоры Саламат Нұрмұханұлына да алғыс айтамын, жетістігімді ескеріп, университет жаңынан грант табыстап оқуда да, спортта да жетістікке жете беруіме тілектестік білдіріп, біз секілді жалынды жастарды қай уақытта да қолдайтындығын айтқанда марқайып қалдым.

– Әңгімеңе рақмет, жеңісті күндерің мен жетістікке толы сәттерің көп болсын!

Наргиз САМҒАТ

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #2285 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана